

"Автокөлік құралдарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 311 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10378 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 25 ақпандағы № 224 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.02.2016 № 224 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Автокөлік құралдарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көліктік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы «Әділет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға
к ө ш і р м е с і н ж і б е р у д і ;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3)-тармақшаларында көзделген шаралар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне
ұ с ы н у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
Т. Дүйсенова

2015 жылғы 21 қаңтар

Қазақстан Республикасы
инвестициялар және даму министрі
міндетін атқарушының
2014 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 311 бұйрығымен бекітілген

«Автокөлік құралдарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Автокөлік құралдарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру» кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын, оның ішінде кәсіпорындағы персоналды оқыту үшін білім беру мен мекемелердегі қызметкерлер мен түлектерді сертификаттау үшін және персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешу үшін арналған.

2. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер және анықтамалар қолданылады:

1) автокөлік құралдарын техникалық пайдалану - автокөлік құралдарын пайдалануды ұйымдастыруға және қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз етуге бағытталған техникалық әсер етудің (диагностикалау, техникалық қызмет көрсету, жөндеу), іс-шаралардың кешені;

2) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы) – автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдерді (әртүрлі, көбінесе

көлікке арналмаған жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын, автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;

3) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

4) біліктілік анықтамалығы – басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

5) біліктілік деңгейі – еңбек іс-қимылдарының күрделілігі, стандартты еместігін, жауапкершілігі мен дербестілігі өлшемдеріне қарай сараланатын қызметкердің даярлығы мен құзіреттілігінің деңгейіне қойылатын талаптар жиынтығы;

6) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

7) ұлттық біліктілік жүйесі – еңбек нарық жағынан мамандардың біліктілігіне сұраныстар мен ұсыныстарды құқықтық және институционалды реттеу тетіктерінің жиынтығы;

8) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық жағынан сипаттау;

9) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

10) жанар-жағармай материалдары – автокөлік құралын пайдалану кезінде қолданылатын отынның, майлардың, жағармайдың және барлық маркалы арнайы сұйықтықтардың (тежегіштік және салқындатқыш) жалпы атауы;

11) кәсіби стандарт – еңбектің біліктілік, құзіреттілік, мазмұндық, сапалық және шарттық деңгейлеріндегі нақты саладағы кәсіби қызметті анықтайтын стандарт;

12) кәсіп – арнайы дайындық нәтижесінде пайда болатын және білі туралы тиісті құжаттармен расталатын нақты білімін, шеберлігін және практикалық дағдыларын талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

13) кәсіптік кіші топ – еңбек функцияларының және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің біртұтас жиынымен қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

14) кәсіби топ – ортақ интеграциялық негізі (ұқсас немесе жақын тағайындау, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін еңбек функцияларының және құзыреттіліктерінің ұқсас жиынтығын көздейтін кәсіби кіші топтардың жиынтығы;

15) сала – шығаратын өнімдерінің, өндіріс технологияларының, негізгі қорларының және жұмыс істеушілердің кәсіби машықтарының ортақтастығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы.

3. Осы кәсіби стандартта келесі қысқартулар пайдаланылады:

- 1) ҰБШ - ұлттық біліктілік шеңбері;
- 2) ҰБЖ - ұлттық біліктілік жүйесі;
- 3) СБШ - салалық біліктілік шеңбері;
- 4) КҚС - кәсіптік қызмет саласы;
- 5) ЖЖМ - жанар-жағармай материалдары;
- 6) БА - біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарттың паспорты

4. Кәсіби стандарттың атауы: Автокөлік құралдарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру.

5. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты: кәсіби стандарттың мазмұнына қойылатын бірінғай талаптарды сәйкестендіру және бекіту, автокөлік құралын техникалық пайдалануды ұйымдастыру аясында мамандарға қойылатын біліктілік деңгейінің нақты өлшемдерін айқындау.

6. Кәсіби стандарттың қысқаша сипаттамасы: автокөлік құралдарын техникалық пайдалану процесін ұйымдастыру және сүйемелдеу.

7. Негізгі топ: көлік.

Кәсіби топ: автокөлікті техникалық пайдалану.

3. Кәсіптер карточкалары

8. Кәсіптер тізбесі:
 гараж/автомобильді колонна механигі, БСШ бойынша 4 біліктілік деңгейі;
 пайдалануды ұйымдастыру және жөндеуді жөніндегі инженер, БСШ
 бойынша 5 біліктілік деңгейі;
 жанар-жағармай материалдары жөніндегі инженер, БСШ бойынша 5
 біліктілік деңгейі.

Кәсіптер карточкалары осы кәсіби стандарттың қосымшасында келтірілген.
 «Автокөлік құралдарын техникалық
 пайдалануды ұйымдастыру»
 кәсіби стандартына қосымша

Кәсіптер карточкалары

«Гараж/автомобильді колонна механигі» КӘСПІ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіп коды	3115
Кәсіп атауы	Гараж/автоколонна механигі
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4

БА бойынша біліктілік деңгейі	3	
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша техникалық және кәсіптік білім	
Еңбек функциялары	1) Автокөлік құралдарының пайдалануға дайындығын техникалық қамтамасыз ету.	
1 еңбек функциясы Автокөлік құралдарының пайдалануға дайындығын техникалық қамтамасыз ету	1. Шеберлігі мен дағдылар 2. Автокөлік құралдарының ақаулығын, бұзылу себептерін анықтай бі. 3. Автокөлік құралдарды тексеру кезінде қажетті жөндеу түрін белгілеу бі. 4. Автокөлік құралдарына дер кезінде техникалық көмек көрсетуді ұйымдастыру. 5. Пайдалану құжаттарының талаптарына сәйкес автокөлік құралдарын сынау өткізу, техникалық қызмет көрсету, жөндеуге және техникалық байқауды ұйымдастыру 6. Ақаулары жоқ автокөлік құралдары мен мүліктің гаражда/автоколлона, дұрыс сақталуын, сондай-ақ, жөндеу жұмыстарын қажет ететін және ұз мерзімді сақтауда тұрған автокөлік құралдарының дұрыс сақталуын бақылау. 7. Автокөлік құралдарының жұмыс қабілеттілігі коэффициентін жақсарту бойынша үшін олардың желіден ерте қайту себептерін жою арқылы іс-шараларды әзірлеу 8. Автокөлік құралдарының техникалық жағдайға байланысты ұзақ тұрғы қалу себептерін талдау 9. Жөндеу жұмыстарының жүргізуді бақылау 10. Гараждың/колоннаның техникалық мүлкі бойынша есеп пен есептілік жүргізу.	
	Б і л і м д е р і : 1. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-10) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін Қазақстан Республикасында автокөлік құралдары техникалық пайдалану қағидас 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін жүргізушілердің еңбегі мен тынығуын ұйымдастыру, сондай-ақ тахографтарды қолдану қағидас 3. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының негіздер өндірістік қағидалар, өрт қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нормаларының, өндірістік санитарияның қағидалар 4. Кәсіпорынның жылжымалы құрамының құрылғысы, мақсаты, конструкциялық ерекшелігі, техникалық-пайдалану деректе 5. Авариялық сипаттағы зақымдалуы бар автокөлік құжаттарын жөндеу арналған құжаттарды рәсімдеу тәртібі автомобильдің уыттылығын тексеру әдістері. 6. Автокөлік құралдардың жөндеу және техникалық пайдалануға қатысты әдістемелік, нормативтік және басқа да басқарушылық құжаттар 7. Жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарының біріңғай жүйе 8. Автокөлік құралдарының техникалық жағдайын диагностикалау ме бақылаудың әдістері.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Командалық жұмысты ұйымдастыру Табандылық. Жұмыс қабілеттілік Жігерлілік.	
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	3115	Көлікті жөндеу жөніндегі механик Бақылап-өткізу бекетінің инженер-механигі.

«Пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі инженер» КӘСП КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіп коды	2144
Кәсіп атауы	Пайдалану мен жөндеуді ұйымдастыру жөніндегі инженер
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
БА бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім
Еңбек функциялары	1) Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану мен жөндеу процесіне басшылық ету
1 еңбек функциясы Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану мен жөндеу процесіне басшылық ету	Шеберлігі мен дағдылар 1. Автокөлік құралы пайдаланудың, оның ішінде тасымалдың ауысымдық-тәуліктік жоспарлары-кестесін құру 2. Автокөлік құралын техникалық пайдалану бойынша регламенттерді практикалық қолдану дағдысы 3. Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету бойынша кестені орындауын бақылау 4. Автокөлік құралдарының жөндеу жұмыстарының көлемі мен сапасы анықтау және талдау, пайдалану мен жөндеу жұмыстарының мерзімдер ұзарту бойынша ұсыныстарды әзірлеу 5. Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану мен жөндеудің жан-әдістерін енгізу бойынша техникалық және ұйымдастырушылық көмек көрсету. 6. Автокөліктің техникалық жағдайы бойынша бақылаушы органдарды ұйғарымдарының, ұсыныстарының және өкімдерінің орындалуына бақылау жасау. 7. Автокөлік құралының техникалық пайдаланумен байланысты жол-көл оқиғаларының талдау, жұмыстарды қауіпсіз жүргізу бойынша міндеттер мен нормативтік-техникалық құжаттар бойынша білімдерін тексеру 8. Автокөлік құралдармен қауіпсіз қолдануымен байланысты тәуекелдер бағалау, пайдалану қауіпсіздігіне әсер ететін анықталған техникалық кемшіліктерді жою бойынша іс-шараларды құрастыру 9. Автокөлік құралының техникалық жағдайына бағалау өткізу мақсатын, тексеріп қарауды ұйымдастыру 10. Жүргізушілердің еңбек және демалыс тәртібін сақтауын қадағалау 11. Жол-көлік оқиғаларының алдын-алу бойынша, жүргізушілердің техникалық білім деңгейін жоғарлату, олардың өндірістік және еңбек тәртібін нығайту бойынша іс-шаралар өткізу дағдысы 12. Автокөлік құралдарын қажетті қосалқы бөлшектермен және материалдармен қамтамасыз ету 13. Автокөлік құралдарын техникалық пайдалану мен жөндеу бойынша басшылық құжаттардың сақталуын қадағалау.
	Б і л і м і : 1. «Жол қозғалысы туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-10) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін автокөлік құралдарын техникалық пайдалану қағидалары. 3. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-5) тармақшасына сәйкес

	құзыретті орган бекітетін Қазақстан Республикасының автомобиль жолдар бойынша қозғалуға арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлері. 4. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-6) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін жүргізушілердің еңбегін және демалысын сондай-ақ тахографты қолдану ұйымдыстыру қағидасы. 5. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-14) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін Қазақстан Республикасының аумағында ірі габаритті және ауыр салмақтағы жүктерді тасымалдау мен жүзеге асыру қағидасы. 6. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 13 бабының 23-9) тармақшасына сәйкес құзыретті орган бекітетін жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау қағидасы. 7. Еңбек қауіпсіздігіне қатысты бөлігіндегі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырындағы Еңбек Кодексі. 8. Автокөлік құралдарының жіктелуі, негізгі сипаттамалары және техникалық көрсеткіштері. 9. Еңбекті қорғаудың, техника қауіпсіздігінің, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережесі мен нормалары.	
Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершіліктің жоғарғы деңгейі.	
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	2144	Жөндеу жұмыстары жөніндегі инженер;
	2149	Тасымалды ұйымдастыру жөніндегі инженер; Көлік құралы жөніндегі инженер; Өндіруді дайындау бойынша инженер; Техникалық қызмет көрсету жұмыстары жөніндегі инженер
«Жанар-жағармай материалдары жөніндегі инженер» КӘСІП КАРТОЧКАСЫ		
Кәсіп коды	2146	
Кәсіп атауы	Жанар-жағармай материалдары жөніндегі инженер	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5	
БА бойынша біліктілік деңгейі	4	
Кәсіби білім деңгейі	Тиісті мамандық бойынша жоғары (жоғарыдан кейінгі) білім	
Еңбек функциялары	1) Жанар-жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтарды қабылдауды, сақтауды, есепте алу мен беруін қамтамасыз ету	
	2) Жанар-жағармай материалдарын пайдалану бойынша бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастыру.	
1 еңбек функциясы	Шеберлігі мен дағдылар 1. Жанар және жағармай материалдарының сынамасын алып іріктей біледі. 2. Экологиялық талаптар, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтап, жанар-жағармай материалдардың сақтауын қамтамасыз етеді. 3. Жанар-жағармай материалдарына қажеттілік бойынша автошаруашылық қажеттілігін талдау және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету бойынша өз деңгейінде ұйымдармен қарым-қатынас жасайды. 4. Жанар-жағармай материалдарының жоғалуын болдырмайтын оларды қолдану, сақтау және беру кезіндегі арнайы-техникалық жабдықтармен және жағармайлармен жұмыс кезіндегі ережені сақтау бойынша өрт қауіпсіздігі	

сақтауды, есепте алу мен беруін қамтамасыз ету	іс-шараларын әзірлеу және өткізе білу дағдыс 5. Пайдаланылған мұнай өнімдерін және пайдаланылған салқындақты сұйықтықтарды жинау мен тапсыруды ұйымдастыра бі 6. Жанар-жағармай материалдарын есепке алу және олардың қозғалысы туралы есептілік беру, олардың санын түгендеу, белгіленген құжаттард дұрыс жүргізу.
	Б і л і м і : 1. Автошаруашылықты жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ет тәртібіне қатысты әдістеме және нормативтік құжаттар 2. Жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күті ұстауға арналған шығыстардың нормалар 3. Жанар-жағармай түрлері, олардың сипаттамалары, ерекшеліктері жән оларға қойылатын талапта 4. Қоймалық және май құю жабдықтарын пайдалану ереже 5. Өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру негізде 6. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, өндіріст санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалар 7. Жанар-жағармай материалдарының сапасын бақылау әдісте 8. Оргтехникамен жұмыс істеу негіздері.
2 еңбек функциясы Жанар-жағармай материалдарын пайдалану бойынша бақылау-тексеру жұмыстарын ұйымдастыру.	Шеберлігі мен дағдылар 1. Үлестік және желілік нормалар бойынша жанармайдың шығыстары бөлімшелердің жанармайды пайдалану лимиттерін сақталуын қадағал 2. Жанар-жағармай материалдардың сақталу және пайдалану процесте технологиясының бұзылуын анықта 3. Қоймалардағы жанар-жағармай материалдарының қалдықтарын алу қоймаларды, жанармай- және май тарататын бекеттерді жанар-жағармайм жабдықтау жағдайын бақылау дағдыс 4. Жанар-жағармай материалдарының шығыстары бойынша бекітілге есептілікті жүргізу дағдыс 5. Қызметкерлермен еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелеріні сақталуын бақылау дағдыс 6. Жанар-жағармай материалдарын үнемдеп шығындау бойынша ұсыныст әзірлеуді біл 7. Жанар-жағармай материалдарының сапасы мен сақталуын бақыла бойынша автошаруашылық қызметкерлеріне арналған техникалық оқулар өткізу.
	Б і л і м д е р і : 1. Жанар-жағармай материалдар шығындарының және автокөлікті күті ұстауға арналған шығындарының нормалар 2. «Автомобиль көлігі туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақста Республикасының Заңының 13 бабының 23-10) тармақшасына сәйке құзыретті орган бекітетін автокөлік құралдарын техникалық пайдалан қ а ғ и д а с ы . 3. Еңбек қауіпсіздігіне қатысты бөлігіндегі Қазақстан Республикасыны ең б е к з аң н а м а с і 4. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік, өндіріст санитария және өрт қауіпсіздігі қағидалар 5. Қоршаған ортаны қорғау ережелей 6. Жанар-жағармай материалдарымен байланысты құжаттарды құр ж ө н і н д е г і р е г л а м е н т 7. Тауар-материалдық құндылықтардың қозғалысымен байланысты мүлікі түгендеуді және шаруашылық операцияларды, құжат айналымын ұйымдастыруды және құжаттарды операциялық рәсімдеуді өткізу тәртібі.

Жеке құзыреттіліктерге қойылатын талаптар	Ж а у а п к е р ш і л і к . Ж і г е р л і л і к . Көсемдік.	
СБШ бойынша басқа кәсіптермен байланысы	2149	Инспектор-инженер; Өндірісті дайындау бойынша инженер
Кәсіби стандарттың техникалық деректері		
Әзерленген	«Фактор» жүйелік зерттеулер компаниясы» жауапкершілігі шектеул серіктестігі	
Нұсқа номері мен шыққан жылы	1 нұсқа, 2014 жыл	
Болжамды қайта қарау мерзімі	2017 жыл	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК